

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ХРОМТАУ АУДАНЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ХРОМТАУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«№7 «ЕРКЕТАЙ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСІПОРЫНЫ 031100
Хромтау қаласы, М.Әуезов көшесі 12 «А»
Тел/Факс: 8(71336) 21-1-53
E-mail: 7erketay@bk.ru



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЯСЛИ-ДЕТСКИЙ САД №7 «ЕРКЕТАЙ»
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ХРОМТАУСКОГО
РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
031100
г.Хромтау, ул.М.Ауэзова 12 «А»
Тел/Факс: 8(71336) 21-1-53
E-mail: 7erketay@bk.ru

Бұйрық №34

«10» маусым 2025 жыл Хромтау қаласы

«Кәсіпорынның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы»

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021 №366) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» және 2022 жылғы 03 қазанында өткізілген (№2 хаттама) шешімі негізінде

Бұйырамын:

1. 2025 жылдың 11.06 - 25.06 аралығында №7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 оқу жылының өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Төмендегі бөбекжай - балабақша педагогтерінен өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу мақсатында комиссия құрамы жасақталсын, атқаратын қызметтері бөлініп берілсін:
 - 1) Алдрапекова Мадина Темешовна (балабақша меңгерушісі) - комиссия төрайымы. Аттестаттау комиссиясының жұмысына басшылық, комиссия мүшелеріне кеңес беру, педагогикалық кеңес өткізіп, жұмысын қорытындылау.
 - 2) Алтынбекова Асылзат Нурлановна (балабақша психологы) – комиссия мүшесі. Әдістемелік жұмыс құжаттарын, мамандардың, тәрбиешілердің жұмыстарын қарау. Кадрларды іріктеу және орналастыру, іс жүргізу, педагогтардың біліктілігін көтеру жағдайын зерттеу.

- 3) Абимолдаева Алданыш Рахметоллақызы (тәрбиеші) - комиссия мүшесі топтардың оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны мен әдістерін зерттеу
- 4) Исмагамбетова Ризагүл Сайлаубековна (музыка жетекшісі) - комиссия мүшесі. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру қажеттіліктері бар балалармен көрсетілген кезеңде жүргізілген жұмыстар, балаларға арналған жеке оқу жоспарын зерттеу.
- 5) Коспанова Гүлдана Утегуловна (кәсіподақ ұйымының төрағасы) - комиссия мүшесі материалдық техникалық, медициналық әлеуметтік жағдай жасалуы. Медициналық қызмет көрсетуді зерттеу.
3. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес 2024 жылдың 01 қыркүйектен бастап өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша комиссия мүшелеріне нақты тапсырмалар берілсін, жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогикалық кеңес отырысында талданып, педагог қызметкерлердің назарына жеткізілсін.
5. Өзін өзі бағалау жұмыстарын жүргізуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа алынсын.
6. Өзін-өзі бағалау қорытындысы 2025 жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей балабақша сайтына, интернет ресурстарына орналастырылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының

меңгерушісі: Алдрапекова М.

Бұйрықпен таныстым:

Алтынбекова А.Н.
Абимолдаева А.Р.
Исмагамбетова Р.С.
Коспанова Г.У.

Алтынбекова А.Н.
Абимолдаева А.Р.
Исмагамбетова Р.С.
Коспанова Г.У.



Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі ММ

«№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы»МКҚК-ның кезектен тыс

педагогикалық кеңес хаттамасы

Хромтау қаласы

30.06.2025жыл

Қатысқандар: 30 педагог

Күн тәртібі:

**«№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы»МКҚК-ның өзін-өзі бағалау
барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы.**

Тыңдалды:

№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі М.Т.Алдрапекова:
2025 жылдың 11.06-25.06 аралығында білім беру саласындағы ҚР заңдарының
орындалуын бақылау және мектепке дейінгі мекемелерде білім берудегі
қызметінің ҚР жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті
стандарттарының талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында №7 «Еркетай
бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау жұмысы өткізілді, балабақшаның
өзін-өзі бағалау жұмыс материалдарын қарап, талдай отырып комиссия
төмендегідей атап көрсетеді.

Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында комиссия мүшелері бақылау
жұмыстарын өткізді. Аталған құжаттарды, қатысқан ҰІӨ
материалдарын, бақылау бейне жазба үзінділердің нәтижелерін қарастыра
отырып комиссия құрамы мынадай қорытындыға келді.

№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының 5 күндік жұмыс аптасы, оқу-тәрбие
процесінің үздіксіз талапқа сай жұмыс жасайды.

Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында жасалған талдау
шаралары, педагогикалық ұжымның оқу жоспарына сәйкес жұмыс
жасайтындығын анықтады.

Оқу жоспарында көрсетілген талаптарды орындап, жас ерекшеліктерін ескере
отырып оқу тәрбие жұмысы жүргізілген, іс-құжаттары стандарт талаптарына
сай жүйелі түрде жасалғаны анықталды.

ҚР білім және ғылым министрінің 2016 ж. 02 ақпандағы №124 өлшемшартта
көрсетілген мектепке дейінгі тәрбие жұмысына арналған 8,9 қосымшалар
негізінде жұмыстар жүргізілді. Ол өткен 2024-2025 оқу жылын қамтыды. №7
«Еркетай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 оқу жылында білім беру
процесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3
тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымшасына бекітілген Мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын,

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-Үлгілік оқу жоспарлары) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларын, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды. «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сонымен қатар Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 15.03.2021 жыл, №137 қаулысы негізінде әзірленген, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау бағытына сәйкес ұйымдастырылған. Оқу жоспарының құрылымы барысында инвариантты және вариативті оқу қызметінде кемшіліктер болған жоқ.

№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының 2020-2025 жылға дейінгі уақытты қамтитын ұзақ мерзімді даму бағдарламасы бар.

2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының мазмұнында балабақшаның мақсат, міндеттері сәйкес. Өткен оқу жылдарының жұмыстарына талдау барлық бағыттарда жасалған. Жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізіліп тұрады.

Балабақша тәрбиеленушілерінің даму көрсеткіштері қорытындысы 2024-2025 оқу жылының даму мониторингінің орташа көрсеткіші 87% құрады. Әдістемелік қызмет жұмыстары басым бағыттары жаңартылған білім негізін басшылыққа ала отырып жүргізілген.

Балабақшада әдістемелік бірлестігі балабақша тәрбиешілерінің, олардың жұмыстары жүйелілігі мен инновациялық (жаңашылдық) мазмұнымен ерекшеленеді.

Педагогикалық ұжымның кәсіби шеберлігінің көрсеткіші балабақшадағы әдістемелік жұмыстың тиімділігінде, жетістікке жету негіздері қалыптастырылған, оқытудың жаңа технологиялары, перспективалық жоспарлары, яғни балаға бағытталған қолжетімді бағытта жоспарланған әдістемелік тиімділікті диагностикалау жақсы жолға қойылған.

Балабақша басқару – әкімшілігі өз жұмыстарын құқықтық нормативтік құжаттардың базалық ерекшеліктеріне сай және өз іс-қызметтерін балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талдаумен сәйкестендіріп жүргізеді.

Балабақшаның 2024-2025 оқу жылының оқу жоспары, ұқыпты жүйеленіп жасалған. Балабақша әкімшілігі педагогтардың ізденушілікпен жұмыс жасауына жақсы көңіл бөледі, балабақша педагогтарының мақалалары аудандық, облыстық, республика көлемінде баспа беттерінде жарияланған. Әдістемелік құралдары жазылып таратылды.

Өзін-өзі бағалау жұмыстары тыңдалып және талқыланып педагогикалық кеңес

Шешім етеді:

1. №7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша 2024-2025 оқу жылдарының жұмыстарын **қанағаттанарлық** деп, есептелінсін.

2. Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында кәсіпорынның оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуы мен педагогтардың кәсіби қызметтеріне дайындығы бойынша анықталған көрсеткіштерге сәйкес.

3. Кәсіпорынның педагогикалық кадрларды тұрақтандыру жұмысы жалғастырылсын.

3. Өзін-өзі бағалау бойынша қаралған жұмыстың қорытындысы балабақша сайт мәзіріне ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Алдрапекова М.Т.

Хатшысы:  Абимолдаева А.Р.



**№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы»
мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынның
өзіндік аттестаттау қорытындысы.**

Мазмұны:

1.1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы	2
1.2. Кадрлар құрамын талдау	9
1.3. Тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет	9
1.4. Оқу- материалдық активтер.....	10
1.5. Оқу-әдістемелік жұмыстар.....	12
1.6. Педагог құрамын талдау.....	41
1.7. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.....	53
1.8. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын бағалау	54

**1.1. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы.
Ақпараттық анықтама.**

Мекеме атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны оралымды басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК Хромтау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 01 қарашадағы № 389 қаулысының (қосымша №1) негізімен құрылды.

Кәсіпорынның құрылтайшысы – Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының негізгі басшылығын ала отырып мекеме өз жұмысын жалғастыруда.

Мектепке дейінгі ұйымының мемлекеттік басқарудың тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ болып табылады.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ болып табылады.

Кәсіпорынның орналасқан жері: 031100, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, 12 А үйі.

Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы бар мөрі бар.

«№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның оқыту бағыты гуманитарлық- эстетикалық болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымының негізгі ғимараты 1991 жылы салынған. 2000 жылы Дөн кен байыту комбинатына «Электроцех» ретінде беріліп, 2012 жылы жергілікті әкімшілікке балабақша ретінде қайтарылды: мемлекеттік қабылдау комиссиясының объектіні жұмысқа қосу туралы актісі 22 қазанының №377 (қосымша №2) Қабаты-2, іші жарық, орталық жылу жүйесі, су, кәріз, сантехникасы қанағаттанарлық күйде. Топтық және жатын бөлмелері 12 топқа арналған. Мекемеде 1 музыка залы, 1 дене шынықтыру залы, әдістемелік және психолог кабинеттері, сенсорлық бөлмесі, GIGO конструкторының зертхана алаңы (құралдарымен) экологиялық зертхана кабинеті, медициналық кабинет (лицензиясы бар), оқшаулау бөлмесі бар.

Жобалық қуаты-290

Жалпы тізім бойынша-287

Салық төлеуші ретінде тіркеу нөмері 061600212651 сериясы 06 №0015652

1) Ұйымның қызмет көрсетуіне құқықтық негізі: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Хромтау аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы: №121140007876 2021 жылғы «17» қаңтар.

2) Мектепке дейінгі ұйымның статистикалық картасы ҚҰЖЖ коды 51817062, бизнес сәйкестендіру нөмірі 121140007876 (БСН). Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы «30» желтоқсандағы №490 қаулысы 2 қосымшасы.

3) Білім мекемесінің негізгі құжатының бірі- Жарғы (қосымша №4) Жарғы «Білім туралы» заңның 41-бабын және ҚР Үкіметінің ж.. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы негізінде дайындалған. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылдың 30 желтоқсан айында №490 қаулысымен бекітілген, тіркеу № 67-1904-16-НАО МК № 121140007876 ЖСН . Алғашқы тіркеу күні 12 қараша 2012 жыл. Жарғы 25 беттен тұрады, нөмірленіп, тігілген.

4) «Жалпы білім беру саласында мектепке дейінгі оқу-тәрбие қызметімен» айналысуға 2021 жылдың 14 сәуірінде № KZ42RVK00034457 нөмерлі хабарламамен жұмыс

5) Кәсіпорынның меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар № 002204482805 Тұрақты жер пайдалану актісі бар жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02-040-004-046. Жалпы алаң: 3633,8 ш.м. Жер учаскесінің алаңы: 1,0811 га. Мектепке дейінгі ұйымның ғимараты орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыстық сумен толық қамтамасыз етілген.

<i>Ғимарат</i>	<i>Салынған жылы</i>	<i>Күрделі жөндеуден өткен жылы</i>	<i>Мекеменің түрі</i>	<i>Жылу жүйесінің түрі</i>	<i>Ауданы</i>
негізгі	1991	2012	типтік	орталық	3633,8 ш.м.

№7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» республикалық, облыстық, бюджеттен қаржыланды. Соңғы жылы бөлінген қаржы:

2023 жыл

Интерактивная панель 11 дана -11,209(2023 ж)

Теплосчетчик-1,078

Электросчетчик -83,0

Филтр для очистки воды -350,0

Плита электрическая- 850,0

Шкаф холодильный-1,118

Стойки мобильные 11 дана-1,853

Беседке 12 дана 13,376

Флагшток далаға 4 метр- 42000

Татами -102 кв2-1,325

Искусственный газон 2000 кв2-723,0

Ыдыс-аяқ-375,0

Декоративтік әрлеу-3,560

Линолиум-585,0

2024 жыл

Ойын алаңы- 21,150 (2024)

Үстел, отырғыш-4,368

«Менің Қазақстаным» бизиборд-1,311

Бассейн 12 дана-489,0

Ауа сорғыш-390,0

Ыдыс-аяқ-489,0

Панель светодиодная 60 дана-231,0

Пластикалық терезелерді жөндеу 80 дана-2,777

Шатыр ішінен жөндеу жұмысы 1500 кв2-6,660

7) Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы туралы актісі бар. Санитарлық-эпидемиологиялық, өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі ұйымда толыққанды жұмыс жақсы жүргізілген. Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген. Жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерге алғашқы кіріспе нұсқулықтар оқылады. Әрбір тоқсан сайын қызметкерлермен қауіпсіздік нұсқаулықтарды сақтау туралы кеңес өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен қызметкерлердің жарақаттануы тіркелмеген. Мекемеде өрт қауіпсіздігі жөнінде, еңбек қауіпсіздігі жөнінде, балалардың өмір қауіпсіздігі мен

денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтардың барлығы бар, құжаттары талапқа сай жүргізілген.

2013 жылдың 26 желтоқсанынан бастап санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды №325.

Берілген қорытынды: Мектепке дейінгі ұйымның санитарлық ережелері мен гигиеналық нормативтерге сай.

8) Медициналық қызмет көрсетуді растайтын құжат-мемлекеттік лицензия. Ол 21.10.2014ж алынған. Балабақшада балалар 5 мезгіл тамақтанады. Ас мәзірі 2 мезгілге бөлінген: жазғы-күзгі, қысқы-жазғы

9) № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы дамуын жетілдіретін бағдарлама Даму жоспары. Онда ұйымның мақсаты, міндеттері және оларды жүзеге асыру жолдары атап көрсетілген. Даму бағдарламасы 3 кезеңнен тұрады: дайындық- жоспарлау, практикалық-негізгі, қорытынды. Жоспар 2019- 2024 аралығын қамтиды.

10) 2024-2025оқу жылында негізгі оқу жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасына бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-Үлгілік оқу жоспарлары) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларын, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

11. № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы»-ның іс номенклатурасы ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес дайындалған. Іс номенклатурасы қызмет бағыттары мен құрылымдық бөлімшелер тізбелерінен құрылған:

01. Басшылық және бақылау

02. Кадрлармен жұмыс

03 Іс қағаздарын жүргізу, ведомстволық сақтау

04. Бухгалтерлік есеп және есептілік

05. Мемлекеттік сатып алу

06. Оқу-әдістемелік жұмыс

06.1 Тәрбиеші

06.3 Педагог - психолог

06.4 Музыка жетекшісі

06.5 Дене шынықтыру нұсқаушысы

07. Медициналық бөлім

08. Әкімшілік-шаруашылық бөлім

09. Кәсіподақ комитеті

Ұйымның іс номенклатурасы меңгерушімен бекітілген.

12. №7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» -ның 2024-2025 оқу жылындағы штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2024 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штаттары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттық кестесіне сәйкес құрылған. Штаттық кестелер Хромтау аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген. *(қосымша)*

2024 жылдың 01 қыркүйектің штаттық кестесі бойынша- 33 педагог . Оның ішінде: меңгеруші-1, педагог-психолог-1, логопед-1, әдіскер-1, дене шынықтыру нұсқаушысы-2, музыка жетекшісі-3, тәрбиешілер-24

12.ҚР Білім және ғылым министрінің 13.07.2009 ж. №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығын, ҚР «Білім туралы» заңын, Жарғы мен ішкі тәртіп ережесін басшылыққа ала отырып, №7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-да қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары жазылған. Жалпы ереже, міндеттер, құқықтар, жауапкершілік тармақшаларынан тұратын лауазымдық нұсқаулық әрбір қызметкерге берілгендігі туралы жинақ папкасы мен журналы бар. Меңгерушінің лауазымдық міндеті аудандық білім бөлімінен берілген.

13) Басқару жүйесі.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК бірнеше функцияларды орындайтын ұйым: оқыту- тәрбиелеу, шаруашылық қызмет, кадр және әдістемелік қамтамасыз ету; аталмыш үдерісті басқару және әкімшілік қызмет. Қазіргі таңда заңды функцияны ұйымда Педагогикалық кеңес және Жалпы ұжым жиналысы орындайды. Мектепке дейінгі ұйымды басқаруды мекеменің меңгерушісі жүргізеді.

Мекеменің өз жұмысында ішкі локальді актілер және Жарғыны басшылыққа алады. МДҰ-ы жұмысына білім беру үдерісіне қатысушылар қатыстырылады: педагогтер, қызметкерлер, ата-аналар, тәрбиеленушілер.

Мекеменің негізгі қызметі Жарғымен, ішкі еңбек тәртіп ережесімен («Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысының 30 тармағы негізінде дайындалған), лауазымдық міндеттер (ҚР Білім және ғылым министрінің 13.07.2009 ж. №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» қосымшаҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі№ 169 бұйрығы негізінде дайындалған), басқа да нормативтік- құқықтық актілермен реттеледі.

Мекеменің меңгерушісі мектепке дейінгі ұйымды тікелей басқарады. Оның қызметі үш бағытта жүреді: тәрбие мен әдістемелік жұмысқа басшылық ету, әкімшілік- шаруашылық мәселелерін шешу, отбасымен жұмыс жүргізіп, ата-аналар мен халық арасында педагогикалық ағарту жұмысын ұйымдастыру.

Меңгеруші тарапынан бақылау жоспары, циклограммасы құрылған.Оның тексеретін объектілері:

- Тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігі мен денсаулықтарын сақтау;
- Оқыту- тәрбиелеу жұмысы;
- Кадр мәселесі, педагогтердің аттестациясы, санаттарын көтеру;
- Социуммен байланыс;
- Әкімшілік- шаруашылық және қаржылық қызмет;
- Мекемеде тамақтануды ұйымдастыру;
- Балалар мен қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі.

Бақылау сұрақтары әртүрлі деңгейде: педагогикалық кеңестерде, жалпы ұжым жиналысында, өндірістік жиналыстарда, меңгеруші жанындағы отырыстарда қаралады.

Бақылаудың тиімділігінің ең маңызды әдісі- мониторинг. *Мониторинг мақсаты:* МДҰ-да оқыту- тәрбиелеу үдерісінің сапасы туралы толық біртұтас екеніне көз жеткізеді, болашаққа жоспар мен мақсат, бағыт анықтайды.

Міндеттері:

- Балалардың даму деңгейін бақылау;
- Балалардың мектепке дайындылығын анықтау;
- Балалардың денсаулығының және физикалық дамуының жағдайын сараптау;
- МДҰ-да балалардың тамақтану процесінің ұйымдастыруын бақылау;
- Оқу- материалдық базасын бағалау;
- Балабақша ата-аналарының МДҰ қызметімен қанағаттанарлық деңгейін анықтау;

Менгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Менгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген, тігілген, нөмірленген.

№7«Еркетай» бөбекжай-балабақшасы»-н басқару жүйесі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Заңына, «Мектепке дейінгі ұйымдар ережесіне», Жарғыға, бұйрықтар мен үкімдерге сай құрылған. Басшылық сонымен қатар өндірістік жиналыстарда, жалпы ұжым жиналыстарында, кәсіподақ ұйымының жиналыстарында қабылданған локальді актілер түрлеріне сүйене отырып жұмыс жасайды:

- Балабақшаның менгерушісінің негізгі бұйрығы;
- Балабақшаныңменгерушісініңжекеқұрамбойыншабұйрығы;
- Ішкі еңбек тәртіп ережесі;
- Ұжымдық шарт;
- Еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі нұсқаулықтары;
- Лауазымдық міндеттер;
- Педагогикалық кеңес туралы

Басшылықтөмендігіқағидалардыбасшылыққаалады. оқыту- тәрбиелеу үрдісіне қолайлы жағдай жасау, үдеріске қатысушылардың әлеуметтік тұрғыда қорғаныс жасау арқылы гуманистік басқару;

- өзі білімін жетілдіру мүмкіндігі және ынтымақтастығын құру, серіктестік негізінде білім беру субъектілерінің демократиялық өзара қарым-қатынасын қолдау;

- ғылым мен техниканың жетістіктерін қолдану арқылы басқаруды ғылыми тұрғыда жүргізу;

- әкімшілік басқару мен өзіндік басқару жұмысын шабыстыру.

Басқару әрекеті бөбекжай-балабақшаның барлық саласын демократиялық негізде бақылау түрінде жүргізіледі. Білім беру үрдісінің кемшіліктері мен жетістіктері педагогикалық кеңесте қаралады. Басқару процесіне кәсіподақ ұйымы мен ата-аналар комитеті белсене қатысады. Басқару жұмысы жылдық жоспарда көрсетіледі.

№7«Еркетай» бөбекжай-балабақшасы»-да «Білім туралы» Заңына, МДҰ Жарғысына сәйкес жалпы мақсатты көздейтін оқыту және тәрбиелеу процесін жүргізетін педагогтер ұжымы бар. Педагогикалық ұжыммен жұмысты ұйымдастыру бойынша әкімшілік қауымдасқан, біріккен команда құру принципіне жүгінеді.

МДҰ-да әкімшілік басқаруды менгеруші және әдіскер жүргізеді. Балабақша менгерушісінің негізгі функциясы білім беру үдерісіне қатысушылардың жұмысы педагогикалық кеңес және басқа да мемлекеттік-қоғамдық ұйымдар арқылы реттейді. Әдіскер оқыту, тәрбиелеу бағыттары бойынша өз жұмысын жасайды.

ҰІӨ-і бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргізеді. МДҰ-н оқыту-тәрбиелеу, әдістемелік, ата-аналармен жұмыс жасау мәселелері педагогикалық кеңесте шешіледі.

Әкімшіліктің негізгі қызметін реттейтін басқару аппараты: менгеруші жанындағы кеңес, педагогикалық кеңес, өндірістік жиналыс, жалпы ұжым жиналысы. Осы аталған отырыстарда балабақшаның мәселелері, есептер, тексеріс қорытындылары, ақпаратпен алмасу жүреді.

Балабақша Жарғысына, лауазымдық міндеттерге, штаттық кестеге байланысты әкімшіліктің міндеттемелері бөлінген. Басқару жүйесі жеке (менгеруші, әдіскер, педагогтер) және коллегиялық ұйым (Педагогикалық кеңес, әдістемелік отырыс, өндірістік жиналыс, жалпы ұжым жиналысы) арқылы жүзеге асырылған. Әдіскер оқыту, тәрбиелеу бағыттары бойынша өз жұмысын жасаған.

Балабақшаның барлық салаларының, бүкіл ұжымның толық мақсатты түрде қызмет істеуіне әкімшіліктің басқаруын қамтамасыз етеді. Әкімшіліктің өзіне тиісті міндеттерді дұрыс бөлу – ұжымдық басқару және оның қызметін ұйымдастыруды қалыптастырады.

Әкімшілік басқару қызметі бойынша медбикенің, шаруашылық менгерушісінің, қоймашының құжаттарының жүргізілуі тексеріледі.

Медбикелердің құжаттары

(медбикелер: Хансұлтанова Г.К., Кемесинова Б.) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚРДСМ-59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары бойынша жинақталған. Сол талапқа сай медбикеде нормативтік құжаттар, нұсқаулықтар, кеңестер папкаларының жинағы бар. Медбикенің бақылау функциясы бойынша ай, апта, күн сайын топ араланып, балалар қатысымы, аурулары, топтың санитариялық жағдайы және балалардың мәдени-гигиеналық талаптары орындаулауын қадағалайды. Сонымен қатар балаларды дәрігерлік байқаудан өткізу кестесі, профилактикалық егу шараларының жүргізілуі тексеріледі.

Менгерушінің шаруа жөніндегі орынбасары (Ж.К.Альмуханова) құжаттары да талапқа сай. Ол өзінің лауазымдық міндеттеріне сай мүліктердің сақталуын, жөнделуінің жүргізу реті, тиісті есеп алым-беру актілері, жылу, жарық, электр, желдеткіш жүйелерінің дұрыс жұмыс жасауы бойынша құжаттары тексеріледі. Шаруашылық менгерушісінің еңбек қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі журналдары, жинақ папкалары қаралды. Барлығы талапқа сай.

14) МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу әдістемелік жұмысында педагогикалық кеңес басты міндет атқарады және маңызды болып есептеледі. 2024-2025 о.ж. жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы, 2025-2026 о.ж. жылдық жоспарымен таныстыру, шығармашылық топтың жұмыс жоспарын бекіту, мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстарын талқылау қыркүйек айында дәстүрлі түрде, Тақырыптық тексерістің қорытындысы; Заттық ойындарды ұйымдастыру, б/б-ғы балалардың денсаулығы мен физикалық дамуының жай-күйі, қорытынды диагностика индикаторының қорытындысы, Педагогикалық кеңесте тақырыптық тексерістердің анықтамалары, сонымен қатар, педагогикалық кеңестердің шешімдері оқылады. Педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы үнемі бақыланып отырады.

МДҰ-ғы педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, тігілген, мөр басылған.

15) Тәрбиеленішілер контингенті туралы.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-да жалпы тізім бойынша-290 бала. Балалардың құрамы 1-5 жас аралығын қамтиды, барлығы 12 топ, оның ішінде оқыту-тәрбиелеу процесі мемлекеттік тілде жүргізіледі. Топтардағы балалар санының орташа тығыздығы -25 бала.

Соңғы жылдардағы бала қатысымы:

Оқу жылы	Саны (жылдың басы)
2023-2024 ж.	287
2024-2025 ж.	280

«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19

маусымдағы №254 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес №7«Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» балалар қабылдау жұмысын жүргізеді.. Барлық құжаттар реттелген. Келген балалар құжаттарын қабылдау ережесі, балалар қозғалыс кітабы, жолдамаларын тіркеу журналы талапқа сай жүргізілген. Барлық құжаттар нөмірленген және тігілген.

1.2. Кадрлар құрамын талдау

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымының 2023-2024 оқу жылындағы штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штаттары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттық кестесіне сәйкес құрылған. Штаттық кестелер Хромтау аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген.(қосымша №12)

№77 қаулысы бойынша		№7 "Еркетай" Б/Б	
Меңгеруші	1	Меңгеруші	1
Әдіскер	1	Әдіскер	1
Педагог-психолог	1	Педагог-психолог	1
Логопед мұғалім	1	Логопед мұғалім	1
Музыка жетекшісі	3	Музыка жетекшісі	3
Д/ шынықтыру нұсқаушысы	2	Д/шынықтыру нұсқаушысы	1
Тәрбиешілер	24	Тәрбиешілер	24
Тәрбиеші көмекшісі	12	Тәрбиеші көмекшісі	12
Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	1	Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	1
Бухгалтер	1,5	Бухгалтер	1,5
Медбике	1,5	Медбике	1,5
Емдәмбике	0,5	Емдәмбике	0,5
Хатшы	1	Хатшы	1
Бас аспаз	1	Бас аспаз	1
Аспаз көмекшісі	2	Аспаз көмекшісі	2
Көмекші жұмысшы	2	Жұмысшы	2
Кастелянша	1	Кастелянша	1
Қоймашы	1	Қоймашы	1
Кір жуу машинасының операторы	3	Кір жуу машинасының операторы	3
Күзетші	3	Күзетші	3
Мекеме жинаушы	4(0,75)	мекеме жинаушы	4(0,75)
Аула сыпырушы	1	Аула сыпырушы	1
Ғимараттарда кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы	2	Ғимараттарда кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы	2
Электрик	0,5	Электрик	0,5
Програмист	0,5	Программист	0,5

1.3.Тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет.

1)ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы және «Қазақстан республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету тәртібіне сәйкес» №7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» балалар қабылдау жұмысы жүргізілген. Балабақшаға келген ата-ана немесе заңды өкілдер өтініш жазып, балабақшамен келісім шартқа тұрған, оларға көрсетілген мемлекеттік қызмет карточкалары толтырылған. Шартта мекеменің және ата-ананың міндеттері мен құқықтары көрсетілген. Сонымен қатар онда баланың мектепке дейінгі ұйымға бару тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері және өзге де шарттар айқындалған. Барлық құжаттар реттелген. Келген балалар құжаттарын қабылдау ережесі, балалар қозғалыс кітабы, жолдамаларын тіркеу журналы талапқа сай жүргізілген. Барлық құжаттар нөмірленген және тігілген. Жалпы тізім бойынша-290 бала

1.4. Оқу- материалдық активтер.

1) Балабақша материалдық-техникалық және медициналық, әлеуметтік жағдайы балалардың өмірін қорғау және денсаулығының нығайтуын, интеллектуалдық дамуын, эмоционалдық жағдайын жақсартуды қамтамасыз етеді. Балабақша аумағы қазіргі заман талабына сай жабдықтауды жанажертөлежасалып, балаларға қауіпсіз жұмсақ (жасанды газон) төселді, беті жабылатын құмсалғыштармен балаларға ойнауға ұйшіктер алынды. Әр топтың өзінің ойын алаңы бар, жабдықталған. Кіші эстетикалық, архитектуралық ертегі және жануарлар мүсіндері орналасқан. Балабақшаның алаңы балалар ойындарына арналған құралдармен жабдықталған. Балабақшаның 13 кабинеті және 12 топ кабинеттері бар. Барлық топтар мен кабинеттер талапқа сай жиһаздармен, көрнекі, оқу- әдістемелік құралдармен жабдықталған. Балабақшада медициналық бөлме бар, қазіргі заман талабына сай жабдықталған.

Балабақшаның тәрбиеленушілерінің толыққанды дамуы үшін, оқыту- тәрбиелеу үдерісінде педагогтерге қолайлы жағдай туғызу үшін, білім беру процесіне ата-аналарды баулу үшін материалдық базасын жетілдіру жұмысы жүргізілуде.

2) Бөбекжай -балабақшасының территориясы 4049,8 шаршы метрге созылған. Онда әрбір топқа арналған учаскілері бар. Әрбір учаскіге арналған ойын құрылыстары орналасқан. Сонымен қатар көлеңкелі спорттық алаңы бар.

Әрбір топта балаларды қабылдау бөлмесі, ойын және жатын бөлмелері, дәретхана бар. Топтарда балалардың танымдық қабілетін дамытуға мақсатталған сюжетті, дидактикалық ойындар, әдебиеттер, журналдар топтамасы, әдістемеліктер, көрнекі құралдар, ортаңғы, ересек, МАД топтары (8 топта) интербелсенді панельмен жабдықталған.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 ж. 22.01. №70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығы басшылыққа ала отырып, балабақшаны құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмысы жүргізілген.

Асхана 1- қабатта орналасқан. Өзіне қажетті асты даярлау және пісіру бөлмелері бар. 4-тоңазатқыш, 2 аяздау камерасы, 2 электроплита, 1 электр ет тартқышы, 1-электроқайнатқыш, 1-электроқазан, 1-электротаба бар. Сонымен қатар көкөніс, жемістер қоймасы және құрғақ тағамдарды сақтау бөлмесі бар.

Кір жуу бөлмелерінде (1- қабатта) 2 кір жуу автоматтық машиналар, 1 кептіргіш автомат машинасы, 2-үтік, кір үтіктеу үстелі бар.

Медбикенің (1-қабатта) алдын алу екпесі және алдын алу сақтандыру бөлмелері бар. Толық жабдықталған.

Дене шынықтыру залы 1-қабатта орналасқан. Ол гимнастикаға арналған құралдармен жабдықталған. Дене шынықтыру залында ҰІӨ қажетті гимнастикалық доптар, скамейкалар, доғалар, кедергілер, спорттық құралдар: тренажер, велосипедтер, шеңберлер, фитболға арналған төсеніштер мен доптары, кеглилер, құм салынған және керамзит салынған қапшықтар, массажды жол, секіргіш жіптер (скакалка), жалаушалармен, швед қабырғасымен, футбол ойынына арналған қақпа, баскетбол сеткамен жабдықталған, теннис ойынының құралдары, музыка қосатын колонка, самокаттар, машиналармен жабдықталған. Сонымен қатар қыс мезгілінде қыс мезгіліндегі ойындар құралы шаңғы таяқшасымен, шаналар бар.

Музыка залы 2-қабатта орналасқан. Музыка залында музыкалық аспаптармен жабдықталған, ҰОҚ қажетті дидактикалық құралдар бар. Музыкалық орталық, проектор, интер белсенді тақта -2, пианино заман талабына сай жабдықталған, музыка жетекшілерінің жеке жұмыс жасайтын бөлмесі бар, компьютер, принтермен жабдықталған.

2-қабатта GIGO конструктор шеберханасы алаңы орналасқан, интер белсенді тақта орнатылған.

Қазақ кабинеті қазақи нақыштағы бұйымдармен жабдықталған.

1 қабатта Экология бөлмесі зерттеушілер құралдарымен жабдықталған, интер белсенді панель қондырылған.

<i>№</i>	<i>Жабдықтар</i>	<i>Саны</i>
Кір жуатын бөлме		
1	Кір жуатын машина	3
2	Үтік	2
Асхана		
3	Электроплита	2
4	Еттартқыш	1
5	Тоңазытқыш	4
6	Мұздатқыш	2
7	электротаба	1
8	электроқазан	1
9	электроқайнатқыш	1
Жалпы құралдар		
10	Ноутбук	3
11	компьютер	9
8	Принтер	8
9	Шаңсорғыш	6
10	Дабыл қаққыш және өрт қауіпсіздігі жүйесі	1
11	Өрт сөндіргіш	24
12	Интер белсенді панель	11

Кабинеттер:

Меңгеруші-1

Әдіскер-1

Шаруашылық меңгерушісі-1

Медицина кабинеті- егу-1,

Оқшаулау бөлмесі-1

Психолог-1
Музыка залы-1
Денешынықтырузалы-1
Есепшілербөлмесі-1
Экология кабинеті-1
Сенсорлық кабинет-1
Қазақ кабинеті
Топтар-12
Дәретхана-3
Қойма-2
Гардероб-1
Музыка жетекшілер бөлмесі-1
ГИГО конструктор алаңы-1

4)Қазіргі заманға сай ақпараттық-техникалық база қалыптасқан. Соның ішінде интернет жүйесі, электронды пошта(7erketay@bk.ru),<https://erketaichrom.edu.kz> сайт іске қосылған.

Мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығаюына үлкен көңіл бөледі. Барлық топтарда, әкімшілік кабинеттерінде ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді (музыка залының қабырғаларын, асхана іші, медбике бөлмесі, боялды. Топтарда бөлшектеп ыдыс-аяқ ауыстырылды.,жұмсақ инвентарь 3 ауысымға қамтылған.

Медициналық құралдар СанЕмН талаптарына сай, алғашқы медициналық көмекті көрсету құралдарымен, медициналық қажетті препараттармен, бір рет қолдануға келетін шприцтермен, индикаторлық термометрлермен жабдықталған.

Электр желісінің жағдайы техникалық нормаларға сай.

Өрт сөндірудің щиті алғашқы құралдарымен жабдықталған. МДҰ-да өрт дабылы өткізілген. Терезелер, есіктер қанағаттанарлық күйде.Әрбір эвакуациялау жолдарында «ШЫҒЫС»Өрт және еңбек қауіпсіздігіне жауапты меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары Альмуханова Ж.К.Өрт сөндіргіш құралдары- олардың 2 өрт сөндіргіш щиті, 4 өрт сөндіргіш краны. Өрт қауіпсіздік жүйесі «ГРАНИТ» , дабыл кнопкасы «Барьер»балабақшада эвакуация жолдарының көрсеткіштері, жоспары, кестесі қабырғада орналасқан.

1.5. Оқу-әдістемелік жұмыстар

1.№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 о.ж. арналған оқыту мен тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспарлары педагогикалық кеңесте қаралып, талқыланып, педагогикалық ұжымның келісуімен бекітіледі. Балабақша «Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық және танымдық-зерттеушілік қабілетін дамыту» проблемасы бойынша жұмыс істейді. Мақсаты-«Мектеп жасына дейінгі баланың бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған қолайлы жағдай туғызу, әр баланың қызығушылықтарын,ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып,жалпы адами ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу» болып табылады. МДҰ-ғы оқыту мен тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспарын құруда әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, оқыту – тәрбиелеу жұмысының мазмұнын жаңалау, баланың танымдық және дене дамуын диагностикалау, түзету жұмысын ұйымдастыру, оқытудың жаңа технологиясын қолдану, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату принциптері басшылыққа алынады.Осыған орай, бөбекжай-балабақшаның жылдық жоспары жеті негізгі бөлімнен құрылған:

I бөлім - № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшаның өткен оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмысына талдау;

II бөлім – Педагогтердің кәсіби, теориялық, әдістемелік және іскерлік біліктілігін көтеру;

III бөлім – Педагогикалық кеңес;

IV бөлім – Балалармен жұмыс;

V бөлім – Әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру;

VI бөлім – Бақылау мен басшылық

VII бөлім – Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының оқыту-тәрбиелеу жұмысында бала құқығына, жалпы құқықтық тәрбиеге баса назар аударылады. Педагогтердің құқықтық сауаттылықтарын арттыру, кәсіби құзыреттіліктерін көтеру мақсатында жылдық жоспарда арнайы құқықтық білімдерін көтеру жоспары құрылған. Ай сайын педагогтерге «ҚР-ның тіл туралы Заңы», «ҚР-ның білім туралы Заңы», Президенттің жыл сайынғы жолдаулары, Еңбек кодексі, бала құқығы туралы конвенция, неке және отбасы туралы Заң тақырыптары кеңестерде немесе әдістемелік кеңестерде оқылып, талқыланады. Жыл сайын педагогикалық ұжымның жаңаруына, жас мамандардың келуіне байланысты үш жылдық жоспарда да әдістемелік кеңесте қаралатын сұрақтардың ішінде бала құқығы туралы Конвенция міндетті түрде қарастырылады. Сонымен бірге, жылдық жоспарда ҚР-ның мемлекеттік рәміздерді насихаттау, құрметтеуге байланысты арнайы жоспар құрылған. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген отбасылық дағдыларды қалыптастыру бойынша балабақшада бірқатар іс-шаралар өткізіліп тұрады. Жоспарға сәйкес «Менің Отаным-Қазақстан!» Қазақстан халықтарының тілдер күні мерекесіне орай тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттері, «Елтаңбамен еңселі, Әнұранмен айбатты, Туымен тұғырлы, Қазақстаным!» мерекелік концерт, «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы» Балабақшаішілік байқау, «Кітап-сарқылмас қазына» апталық, «Шымырлық пен шеберлік күні» апталық, «Әке көрген-оқ жонар, ана көрген-тон пішер» бейнеролик түсіру, «Мен зерттеушімін» тақырыптық ұйымдастаралған іс-әрекет, «Кішкентай спортшымын» балалар арасында спорттық сайыстар жоспарланып, өткізілді..

Жоспарға сәйкес, балабақша тәрбиеленушілерімен желтоқсан айында «Елтаңбамен еңселі, Әнұранмен айбатты, Туымен тұғырлы, Қазақстаным!» апталығы ұйымдастырылып, сол апталықтың шеңберінде танымдық тәрбие оқу қызметтері, «Аспанда күн жарқырайды» суреттер байқауы, ересек топтар арасында «Менің рәміздерім-менің мақтанышым» портфолио көрмесі, сонымен бірге, маусым айындағы рәміздер күніне орай, «Мемлекеттік рәміздер» күні жоспарланып, ересек, мектепалды даярлық топтың балалары арасында «Президент таңдаған Гимн» тақырыптарында гимн айтудан сайыс өткізіліп, флеш-моб түрінде де ұйымдастырылып тұрады. Сонымен бірге, балабақшаның төменгі қабатында орналасқан «Ата-аналар, сіздер үшін» стендтің бір бұрышы бала құқығына арналған. Осы мақсатта балабақшаның құқықтық ақпараттық жұмысы тағы бір стендпен толықты, бірінші қабатта балаларға арналған «Мен - баламын, менің құқығым бар» стенді бар, ол стендте баланың не нәрсеге құқықтары бар екендігі анық жазылған, барлық педагогтер мен ата-аналарға пайдалы мәліметтер келтірілген. Жыл сайын құқықтық тәрбиеге мән берудің арқасында балабақшамыздың тәрбиеленушілерінің ертеңгіліктерде, ашық көрсетілімдерде, танымдық іс-әрекеттерде құқықтық білімдерінің

бар екендігін байқауға болады. Сұрақ-жауап, әңгімелесу арқылы балалардың туған жері, Отаны, мемлекетіміздің рәміздері туралы түсініктерінің қалыптасқандығы байқалады.

Мектеп жасына дейінгі баланың бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған қолайлы жағдай туғызу, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу - № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының тәрбие мен оқыту үдерісінің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Осы мақсатты көздей отырып, № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы баланың жеке, шығармашылық, креативтілік дағдылары мен қабілеттерінің дамуы мен қалыптасуына көп көңіл бөледі. Осы бағытта балабақшада бірқатар іс-шаралар жоспарланған: «Ертегілер әлеміне саяхат», «Мен және менің құқығым», «Елтаңбамен еңселі, Әнұранмен айбатты, Туымен тұғырлы, Қазақстаным!», «Қысқы ойындар», «Әрбір бала – бір жұлдыз, жарқырауына көмектес», өртке қарсы қауіпсіздікке үйрету, жолда жүру ережелерін меңгертуге арналған тақырыптық апталықтар өткізіліп тұрады.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында оқыту-тәрбиелеу жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; олардың өймыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
2. Әдістемелік жұмыстың белсенді формалары, курстық дайындықтан өту, аттестаттау, түрлі кәсіби байқауларға қатысу арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктеріне (құқықтық, кәсіби, қарым-қатынас, ақпараттық) және білім беру талаптарына сәйкес кадрлардың әлеуетін дамыту.
3. Педагогикалық ұжымның тәрбиеленушілердің танымдық, шығармашылық, зияткерлік қабілетіндерін ашу мақсатындағы тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған жұмысын жетілдіру. Түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушінің бойында адамгершілік-рухани сезімдерді тәрбиелеуге бағытталған жұмысты жандандыру.

2024-2025 жылында негізгі оқу жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасына бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына; «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі- Үлгілік оқу жоспарлары); «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, мектепке

дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

2024-2025 оқу жылының жүктеме сағаттары. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылды.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылды:

- дене шынықтыру
- сөйлеуді дамыту;
- көркем әдебиет;
- сауат ашу негіздері;
- қазақ тілі;
- сенсорика;
- математика негіздері;
- құрастыру;
- қоршаған ортамен таныстыру;
- сурет салу;
- мүсіндеу;
- жапсыру;
- музыка.

бағыттар бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізілді;

2024-2025 оқу жылындарына МКҚК №7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының МАД мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары. (5 жастағы балалар)

Рет№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	

4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		
	Мүсіндеу		1 сағат
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат

Циклограмма әр аптаға құрылды, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етті.

Балабақшаның мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру, жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жоспарланған. Аталған бағытта міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

Жазғы маусым кезеңіне арналған ҰІӨ-нің кестесін құруда балаларға салмақ түсірмеу, еркін іс-әрекетке мүмкіндік жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жазғы сауықтыру кезеңіне сәйкес балалардың дендерін шынықтыру, денсаулықтарына оң әсер тигізу принциптері негізге алынды. Осыған орай, барлық топтарда дене шынықтыру, музыка, сурет салу, жапсыру мен мүсіндеу ҰІӨ –і кестеге енді. Дене шынықтыру оқу қызметін далада, таза ауада өткізу міндеттелді. Жазғы маусымдық оқу қызметінің кестесіне балалардың тілдерін дамыту, жаттықтыру, көркем әдебиетке баулу мақсатында көркем әдебиет, тіл дамыту оқу іс-әрекеттері қосылды. Жазғы оқу қызметінің кестесін құру кезінде базистік оқу жоспарында белгіленген сағат көлемі негізге алынып, әзірленді.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің танымдық, психологиялық, тұлғалық қабілеттері мен ерекшеліктерін дамыту мақсатында денсаулық сақтау технологиялары, жобалау технологиясы, ТРИЗ және М.Монтессори технологиялары, робототехника, Gigo конструкторлар қолданылып келеді. Сонымен бірге, балалармен күнделікті жұмыс істеу барысында балабақша педагогтері эбру технологиясы, дәстүрден тыс сурет салу, құм терапиясы, ертегі терапиясы, музыка терапиясы, ойын, сахналау, драматизациялау, слайд-шоу сияқты оқыту мен тәрбиелеудің белсенді формаларын қолданып келеді. МДҰ-да қолданылатын оқыту мен тәрбиелеудің түрлері мен әдіс-тәсілдерді таңдауда балабақша

тәрбиеленушілердің жеке қабілеттері мен ерекшеліктері және мүмкіндіктері ескеріледі. Кіші жастағы балалар арасында денсаулық сақтау технологияларына мән берілсе, ересек және мектепалды даярлық топтың балалары арасында олардың танымдық, зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында жобалау, эксперимент жүргізу сияқты әдістер кеңінен қолданылады.

2024-2025 оқу жылында, яғни жыл бойына балабақша облыстық деңгейде «Мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» тақырыбында зертханалық жұмыс жоспарланып, екінші кезеңімен жұмыстанды.

Мақсаты: «Балалардың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту, ойлау, қиялдау қабілеттерін жетілдіру, ұсақ моторикасын дамыта отырып, еңбекке үйрету»

Балабақшада ұйымдастырылатын *семинарлар*- мектепке дейінгі балалар мекемесінің педагогикалық құрамын даярлаудың тиімді құралы және қызметкерлердің шығармашылық қабілеттерін дамыту тәсілі болып табылады. Семинар практикумы педагогтердің алған білімдерін жүйелеуге және оларды өз алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған арнайы іс-әрекеттерге айналдыруға көмектеседі. Бұл тиімді оқыту әдісі және педагогтің өзін-өзі жетілдіруі болып табылады. МДҰ-ғы семинарлар жылдық жоспарға сай өткізілен, хаттамалары жазылып нөмірленген, бауланған, мөр басылған. Осы мақсатты көздей отырып, балабақшада жылына 3 рет әртүрлі тақырыптарда семинарлар өткізіледі. Семинарлардың тақырыптары жылдық жоспарда алынған негізгі міндеттерді шешуді көздейді және тамыз айының конференциясында айтылған өзекті мәселелерді де қамтуға тырысады. Барлық семинарлар әртүрлі форматта, түрлі формада ұйымдастырылып өткізіледі. Педагогтердің біліктері мен дағдыларын дамыту, семинарда талқыланатын мәселелерді тез қабылдап, түсіну, қызығушылық таныту үшін іскерлік ойын, соның ішінде брейнг-кофе, семинар-практикум форматтары өте жиі қолданылып, өзінің тиімді екендігін көрсетті.

2024-2025 оқу жылында «Мектеп жасына дейінгі ұйымдарда дамыту оқыту технологиясын қолдану ерекшеліктері» іскерлік ойын түрінде, «Gigo конструкторлар арқылы баланың құрастыру дағдыларын дамыту» аудандық семинар, «Мектеп жасына дейінгі ұйымдарда сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану маңыздылығы» іскерлік ойын түрінде, «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін заманауи ойындар арқылы дамытудың ерекшеліктері», «Жеке тұлғаға бағытталған оқыту бойынша педагогикалық жағдаяттар түрінде семинарлар өткізілді. Балабақшадағы әдістемелік кеңес отырысы - ғылым мен озық педагогикалық тәжірибенің жетістіктеріне негізделген және әр педагогтің құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыруға, тұтастай алғанда педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін дамытуға және арттыруға, сайып келгенде, білім беру процесінің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған практикалық іс-шаралардың арнайы кешені болып табылады. МДҰ-ғы әдістемелік кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілен, хаттамалары жазылып нөмірленген, бауланған, мөр басылған. Әдістемелік кеңесті әдістемелік кеңестің төрайымы өткізеді, хатшысы сайланып, отырыстың хаттамасын рәсімдейді. Әдістемелік кеңестер тақырыптары жылдық жоспардың енгізгі мәселелерін мен міндеттерін шешуді көздейді. Барлық әдістемелік кеңестер әртүрлі форматта, түрлі формада ұйымдастырылып өткізіледі. Жылдық жоспарға сәйкес төртінші әдістемелік кеңес үнемі «Педагогикалық идеялар фестивалі» форматында өткізіледі, өйткені балабақшаның педагогтері өздерінің инновациялық қызметін, яғни жыл бойына істеген жобалау жұмыстарының нәтижелерімен бөлісіп, жұмыстарын қорытындылайды.

«2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері» дөңгелек үстел, «Кіші және ортаңғы топтардағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны» практикум, «Ересек және МАД топтардағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны» практикум, «Педагогикалық идеялар фестивалі» аукцион.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында логопункт үздіксіз жұмыс істейді. Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік кабинет заман талабына сай жиһаздармен, компьютермен, әдістемелік әдебиеттер және балалар көркем әдебиеттерімен, дидактикалық ойындармен жабдықталған. Әдістемелік кабинетте тәрбиешілердің іс-тәжірибиесі: фототека, ашық көрсетілімдері, семинарларда өткізген жұмыстары, слайдтары толық жинақталған. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды.

Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі ұйым аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың барын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық қызметкерлердің дені жас мамандар болғандықтан балабақшаның оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруда жас мамандармен жұмыс ерекше орын алады. Балабақша ашылғаннан бері педагогикалық қызметкерлердің негізгі бөлігін жыл сайын жас мамандар құрап келеді. Осыған байланысты балабақшада жас мамандармен жұмыс дұрыс жолға қойылып, жүйеленіп, нақтыланған және қалыптасқан. Жыл сайын балабақшаға келген жас мамандармен танысу, оларды тәлімгерге бекіту жұмыстары дәстүрлі түрде үздіксіз орындалып келеді, олардан сауалнамалар алынып, түрлі тақырыптарда кеңестер беріліп отырады. Жас маманмен жылдық жоспар құрылып, сол жоспар бойынша жас мамандардың түрлі тақырыптарда отырыстар ұйымдастырылды. Жас мамандардың мектебінің жетекшісі және отырыстарды рәсімдейтін хатшы тағайындалады. Сонымен бірге, жас мамандардың кәсіби шеберліктерін көтеру және мамандығына деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу мақсатында «Үздік жас маман» балабақшаішілік кәсіби байқау жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Байқауды өткізу ережесі бар, жоспары бекітілген. Байқау негізі екі кезеңнен тұрады, I кезеңде бір жеті бойы жас мамандар ашық көрсетілімдерін көрсетсе, II кезеңде жас мамандар кәсіби шеберліктерін байқатып, шығармашылық конкурсқа қатысады. Байқаудың соңында үздік болып танылған жас маманға «Жылдың үздік жас маманы» лентасы тағылып, мақтау грамотасымен марапатталады. Жас мамандармен отырыстарда жас мамандарға байланысты тақырыптар қарастырылады, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласының маңызды мәселелері, бала психологиясының ерекшеліктері, нормативтік-құқықтық құжаттар, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптары, үлгілік оқу жоспарының мазмұны сияқты тақырыптар талқыланады. МДҰ-ғы жас мамандар отырысы жылдық жоспарға сай өткізілен, хаттамалары жазылып нөмірленген, бауланған, мөр басылған. Жас мамандар отырысын жас мамандар мектебінің жетекшісі өткізеді, хатшысы сайланып, отырыстың хаттамасын рәсімдейді.

2024-2025 оқу жылында «Жас мамандар мектебінің жоспарын бекіту», «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар» тақырыптары жас мамандар отырысында қаралды.

Пәндік – дамытушы орта бала өмірін дамытуға, санитарлық-гигиеналық, психологиялық – педагогикалық, эстетикалық жағдайлардың кешеніне сәйкес. Топтарда заттар мен ойыншықтарды балалардың еркін қолдану мүмкіндігі толық қамтамасыз етілген. Пәндік дамытушы ортада балалардың сөйлеу, сенсорлық, танымдық, эстетикалық дамуына қолайлы жағдай жасалған. Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспары бар, педагогикалық кеңесте бекітілген, белгілінген іс-шаралар білім бағдарламасының, оқу-тәрбие жұмыстарын шешуге бағытталған.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының оқыту мен тәрбиелеу жұмысында балабақша тәрбиеленуіштерінің өзін-өзі жетілдіруіне үлкен мән беріліп, жан-жақты дамуына барлық жағдай жасау мүмкіндіктері қолданылады.

Мектеп жасына дейінгі баланың денін сауықтыру және шынықтыру мақсатында Физикалық даму бағыты бойынша балабақшада бірқатар іс-шаралар атқарылуда. Дене шынықтыру, сауықтыру іс-шараларының жоспары құрылып, жыл бойына барлық топтарда жаппай сауықтыру шаралары жүргізіледі. Әр топта денсаулық бұрышытары бар, ол бұрыштар балаға түрлі спорттық және қимылды ойындар ойнауға мүмкіндік береді, сонымен бірге баланың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру мен дамытуда ерекше орын алатын балабақшада спорт залы бар, балалардың денсаулықтарын нығайту мен дамытуға бағытталған қажетті барлық спорттық құрал-жабдықтармен – дерлік жабдықталған. Қыс айларында балалар далада, таза ауада қысқы ойындар ойнап, шаңғы тебеді, шанамен сырғанайды, жаз мезгілінде балалар самокат, велосипед тебеді. Сонымен бірге, балалардың футбол, волейбол ойнауға арналған құрал-жабдықтар да бар. Түрлі сауықтыру алашалары, массаждық төсеніштер де бар. Балалармен қимылды ойындар ойнату үшін түрлі ойын атрибуттары, қимылды ойындардың картотекалары да жинақталған. Сонымен бірге, балалардың дене шынықтыруға қызығушылықтарын ояту, балалардың қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру мақсатында тәрбиеленушілер арасында тоқсан сайын барлық топтарда денсаулық күндері өтеді, сонымен қатар балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған жұмыс түрлері жақсы, жүйелі жолға қойылған. Дене шынықтыру нұсқаушысы Г.Б.Қалыбекова мен топ тәрбиешілері осы бағыттағы жұмыстарды жоспарлы түрде сауықтыру-шынықтыру әрекеттерін қолдана отырып спорттық сайыстар: «Ұлттық ойын ұлт қазынасы», «Біз татумыз, мықтымыз», «Спортландия әлеміне саяхат», «Аққаламен бірге», «Көңілді сырғанақта», «Біз тату-тәтті спорттық отбасымыз», «Спорт-өмір көркі», «Шынығамыз жастай-біз» тақырыбында эстафеталық көңілді сайыстар өткізілді.

Балабақшада балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады. Жоспарға сәйкес өткізілетін ертеңгіліктер мен мерекелік концерттен бөлек, тәрбиеленушілердің бойындағы жеке қасиеттерін ашатын конкурстар мен байқаулар баршылық. Өзін-өзі тану апталығы шеңберінде «Әрбір бала-бір жұлдыз, жарқырауына көмектес» байқауына ортаңғы мен ересек, мектепалды даярлық топтың балалары қатысып, өздерінің шығармашылық жеке қабілеттерін көрсетеді. Сол сияқты дәстүрге айналған тәрбиеші мен тәрбиеленушілер арасында жазғы жоспар аясында өткізілетін «Екі жұлдыз» байқауы шығармашылық шеберлікті дамыта түседі.

Мектеп жасына дейінгі тәрбиенің маңызды міндеттердің бірі – баланың танымдық қабілеттерін дамыту болып табылады. Соған сәйкес, биылғы оқу жылынан бастап балабақшада эксперимент және жобалау әдістері енгізіліп, қолданыла бастады.

Мектеп жасына дейінгі баланы әлеуметтендіру жұмысына да ерекше көңіл бөлінеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу балабақша мен отбасы арасындағы өзара қарым-қатынасқа байланысты. Ата-аналармен әдістемелік жұмысында № 6 гимназиямен, сонымен қатар аудандық түзету орталығымен және Хромтау аудандық кітапханасымен сабақтастықта теңдік пен қатынас қағидалары жатыр. Педагогикалық ұжым өзінің оқыту мен тәрбиелеу жұмысын отбасымен тығыз қарым-қатынас жасау негізінде құрады. Өзара оқыту мен тәрбиелеу технологияларының өзгеруі «МДҰ+ата-ана+тәрбиеші» қатынастарының өзгеруіне байланысты, оның негізінде өзара сыйластық, сенімділік жатыр.

Ата-анамен тығыз қарым-қатынас орнату – балабақшаның негізгі бағыттары мен жұмыстарының бірі болып есептеледі. Осы мақсатты іске асыру мақсатында ата-анамен жұмыс жоспары құрылып, соның негізінде қыркүйек айында

«2024-2025 о.ж. арналған МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу және сауықтыру жұмысының негізгі міндеттері мен бағыттары» ауызына журнал, ақпан айында «Балалар мультфильмдерінің пайдасы мен зияны» тақырыбында іскерлік ойын, мамыр айында «Менің үлкен және бірлігі жарасқан отбасым» балабақша ішілік жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Сонымен қатар, сәуір айында балалары мектепке баратын ата-аналарға арналған «Баланы мектепке дайындаймыз. Мектеп өмірінің қарсаңындағы отбасы тақырыбында ата-аналар жиналысы

ұйымдастырылды. Психологтің басшылық етуімен балабақшада аналар клубы жұмыс істеді.

«Менімен, сөйлес, анашым», «Мінез-құлқында ерекшеліктері бар балаларды тәрбиелеу (мазасыз, гипербелсенді, агрессивті), «Дені сау бала-бақытты ата-ана», «Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды әлемі» тақырыптарында аналар клубы өз отырыстарын өткізіп отырды. Сол сияқты барлық топтарда жас ерекшеліктеріне сәйкес, барлық топтарда «МДҰ-нда кіші жастағы балалардың бейімделуі. 2 жастағы баланың жас ерекшелігі және тәрбиелеудің алғашқы баспалдағы» «Біз бір жылға есейдік», «Оқыту мен тәрбиелеу міндеттері» тақырыптарында және қаңтар айында «Кіші жастағы балалардың қоршаған ортамен таныстыру үдерісіндегі тілдерін дамыту жолдары», «Ертегілер арқылы баланың тілін дамыту», «Отбасы жағдайында баланың зерттеушілік қабілеттерін дамыту» топтық ата-аналар жиналыстары өткізілді. Қаңтар айындағы «Қыс қызықтары» апталығының шеңберінде «Қыс қалашығы» балабақша ауласында қардан мүсін жасау конкурсы ұйымдастырылды. Ақпан айындағы «Әке-асқар тау» тақырыбында газеттер, буклеттер көрмесі өткізілді. Наурыз айында ата-аналардың қатысуымен кіші топтар арасында «Наурыз-жыл басы» апталығының аясында ауылдар сайысы өткізілді. Сәуір айындағы «Құстар-біздің досымыз» апталығының шеңберінде «Әлем құстары» қолөнер көрмесі және балабақша ауласына сенбіліктер ұйымдастырылып, ата-аналар шақырылып, ағаштарға құстың ұяларын жасады. Ата-анамен жұмыс жоспары құрылып, соның негізінде «Біздің балаларымыз – біздің болашағымыз», «Ұялы телефонның пайдасы мен зияны» тақырыбында балабақша ішкі жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Қыркүйек айында отбасы күніне орай балабақша ата-аналарымен «Үздік жанұя» сайысы өткізілді. Сонымен бірге, ата-аналар мен балабақша арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, серіктестік бағытта жүйелі жұмыс істеу үшін топтарда ашық есік күндер өткізілді. Жыл басынан бері топтарда өткізілген ашық есік күнінде ата-аналар тәрбиешілермен және балалармен бірге күн тәртібінің барлық сәттеріне қатысты: таңертеңгілік қабылдауды қарады, дене шынықтыру нұсқаушысымен бірге спорт залына барып, таңертеңгілік жаттығуларға қатысты, балалардың мәдени-гигиеналық шараларын көрді, қол жуып, тамақты құю, кезекшілікті ұйымдастыру сәттеріне де қатысты. Сол күні өткен ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысты, құрастыру оқу қызметі бойынша «Автобус» тақырыбында және дене шынықтыру оқу қызметтеріне қатысты. Күн тәртібі бойынша далаға серуенге шықты, тәрбиешілермен бірге балаларды киіндіріп, шешіндірді, далада қимылды ойындар ойнатты. Сонымен бірге, музыка залында балаларға ән үйрету, би билеуді үйрету жұмыстарын да көрді, баланың бос уақытын ұйымдастырудағы санамақтарды айту, жаңылтпаштар арқылы тілді жаттықтыру,» әнді жаттау, ертегісін сахналау жұмыстарына қатысты.

№7 «Еркетай» бөбекжай балабақшасының педагог-психологы –Алтынбекова Асылзат Нұрлановна. Осы балабақшада 2024 жылдың ақпан айынан бастап қызмет етіп келеді. Білімі-жоғары, сарапшы-педагог.

Мақсаты: Сапалы тәрбие беру үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыру; білім беру саласында балалардың психологиялық дамуына көмектесу.

Міндеттері:

- Тәрбиеленушілердің жеке психологиялық мүмкіндіктерінің дамуына қолайлы жағдай туғызу;
- Психологиялық саулықтарын нығайту, жасы мен жеке дамуын ескере отыра, балабақшада әр балаға ыңғайлы жағдай жасау;
- Тәрбиеленушілерге, ата аналарға, тәрбиешілерге психологиялық көмек пен қолдау жасау;

- Ата аналардың, тәрбиешілердің психологиялық білімін жетілдіру және психологиялық мәдениетін көтеру;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Осы жоғарыда айтылған мақсаттарды шешу барысында психологиялық бағыттарды пайдаланып, көптеген жұмыстар түрі атқарылды.

Психолог өз жұмысында жұмыс жасайтын негізгі контингент- тәрбиеленуші. Сондықтан баланың балабақшаны аттаған күннен бастап, оның жаңа ортаға әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне көңіл аудара отырып, зерттеу, бақылау жұмыстарын жүргізді. Сол мәселе бойынша ата-аналарға, тәрбиешілерге кеңестер берді: «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Отбасындағы тәрбиеге психологтың көмегі».

Биылғы оқу жылында барлық топтарда психологиялық сабақтар өткізілді. Онда психолог диагностика, тренингтер, ойындар, релаксациялық жаттығулар енгізіп, жұмыстанды. Балалар психологиялық әлеммен танысып, өзара қарым-қатынас жасауға үйреніп, өзін-өзі түсінуге үйренді. Осы топтардың ішінде балалар сабаққа белсене қатысып, жаттығуларды орындап, оларға тәрбиешілер атынан да қолдау көрсетіп, психологқа көмек берген топтарды атап өтуге болады: «Балапан», «Қонжық», «Жұлдызша».

Тәрбиеленушілермен психологологиялық әртүрлі диагностика жұмыс да жүргізілді:

- Таным қабілетінің даму деңгейі
- Тіл дамуын бағалау
- Эмоциялық даму деңгейін анықтау
- Қарым-қатынас икемділігін анықтау
- Денелік дамуын бағалау
- Есту қабілетінің деңгейі
- Кітаптарға қатынасты бағалау

Сауалнама, анкета жүргізілді;

Ата-аналар жиналыстарына қатысу

Ата-аналардан «Отбасым менің қорғаным» отбасы және баламен қарым-қатынасын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Желтоқсан айында «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» тест алынды. «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Өзін-өзі құрметтеу», «Әрбір бала жүрек жылуын қажет етеді», «Қорқыныш пайда болу себептері», «Жаман әдеттер, жаман сөздер» ата-аналарға кеңестер берілді.

Сонымен қатар ата-аналардың психологиялық педагогикалық мәдениетін көтеру мақсатында тренингтер ұйымдастырылды. «Шаңырақ шуағы», «Отбасым алтын бесігім», «Ананың алақаны балаға айдынды қоныс».

Жұмыстың жүйелі нәтижелі болу үшін психолог тәрбиешілермен тығыз байланыста болу керек.

2024-2025 оқу жылының жылдық жұмысына есеп берер болсақ, көптеген істердің атқарылғандығы көрсетеді.

Психология қызметінің негізгі жұмыс бағыттары .Психологиялық диагностика.

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін де зерттеу.

Психологиялық профилактика

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

Психотүзету (психокоррекция) және дамыту.

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу.

Мақсаты: Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету
Психологиялық білімді көтеру

Мақсаты: Педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру
Балалармен жұмыс

- балабақшаның балаға әсер етуін анықтау (сұрақ-жауап) -ҰІӨ-не қатысу топтың ауа райын бақылау;
- «төмен» деңгейдегі балалармен жұмыс- мектепке дайындығын анықтау (сұрақ-жауап);
- жыл бойына психологиялық түзету-дамыту жұмыстар жүргізу.
- ерекше білімді қажет ететін балалармен жеке жұмыстар жүргізу.

Ата-аналармен жұмыс«Балалардың жеке дара және зияткерлік дамуы бойынша жекеленген кеңес» ақыл-кеңестер беру;«Мектепке қуанышпен», «4-5 жастағы ерекшелік», «Жазалау дұрыс па , бұрыс па?» «Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас», Агрессивтілік Гипербелсенділік брошюра таратылды. «Баланың балабақшаға тез әрі оңай бейімделуі» «Жылауық балалар» «Балалардың психологиялық саулығы балабақша жұмысының басты міндеті», «Баланы түсіну», «Балаңыздың тілінің дамуы», «Баланы киінуге қалай үйретуге болады?». кеңестер берілді.

«Мектепке қуанышпен», «Жазалау дұрыс па , бұрыс па?»

Жоғары топ ата-аналарымен: - «Балаңызды мектепке беруге дайынсыз ба?». Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие? Тест, сауалнамалар.

Ата-аналармен жеке кездесіп әңгімелесіп, кеңестер, ұсыныстар берілді. **Педагогтармен жұмыс**

- әкімшілікке әлеуметтік психологиялық көмек -педагогтардың психологиялық ахуалын жақсартуға көмек беру;

- «жас тәрбиешілерді; мамандарды ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан ақыл-кеңестер беру» «Баланың балабақшаға тез әрі оңай бейімделуі» «Ата -аналармен дұрыс қарым қатынас жүйесін қалай орнатуға болады?», «Балалардың психологиялық саулығы балабақша жұмысының басты міндеті»баяндама; дәріс;

- «Жадырайық! Жайнайық! Жылы лебізімізді сыйлайық», «Ерекше балаға-ерекше көңіл», "Жаксы көңіл күй жан қуанышы" тренингтер;

-психологиялық жылдық есеп беру-тұлғаның әлсіз және күшті тұстарын анықтау -жайлы психологиялық микроахуал қалыптастыру.

Педагогтардың энергетикалық күш қуат сезімдерін арттыру мақсатында релаксация, медитация жүргізу.

2024-2025 оқу жылының жылдық жұмысына есеп берер болсақ, балабақшадағы 12 топпен («Самұрық», «Ботақан», «Қонжық», «Қарлығаш», «Балапан», «Жұлдызша», «Қызғалдақ», «Нұршуақ», «Құлыншақ», «Балаби», «Аққайың», «Көбелек»), оның ішінде зерттеу жұмыстары жоғарғы 2 топпен («Самұрық», «Ботақан» 5,6 жас) жұмыс жасалынды.

Балалар туралы анамнестикалық мәліметтерді жинақталды. Бала бақшадағы өзгерістерге балалардың бейімделуі бақыланды. Топтарды аралап балалардың көңіл-күйін, ҰОҚ, ойын

барысын күнделікті бақылап отырды. Тәртібінде қиындықтар туғызған балалар жалпы 9 бала болды. Бұл балалармен «Көңіл-күй», «Жалғастыр», «Мақал-мәтелдер», «Жоғалған ойыншықты тап» «Ұқсас фигураларды тап» «Көлеңкесін тап» «Ойлан тап» «Сүйіспеншілік гүлі» «Көбелектер әлемі», «Бастырып сыз!» «Қиялын суда бейнелеу», (арттерапия) әдістемелері қолданылып жеке түзету- дамыту жұмыстары жүргізілді. «Психологиялық ойын» арқылы балалардың ойынның әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру, танымдық процесстерін дамыту, көңіл-күйлерін қалыптастыру, белсенділіктерін арттыру мақсатында жұмыс жасалды. «Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту», «Психогимнастика жаттығуларын өткізу», «Балаларға коррекциялық дамытушы ойындар жүргізу» жұмыстары жүргізілді. Мектепалды, ересек топтармен («Самұрық», «Ботақан», «Балапан», «Қонжық», «Қарлығаш») Балалардың коммуникативті іскерліктерін дамыту «Не өзгерді?», «Жұбын тап», «Суреттерді құрастыр» Балалармен психологиялық ойындар жүргізу. Қимыл қозғалыс ойындары: «Айна», «Көңілді маймылдар», атты танымдық процесстерін дамыту мақсатында тренинг сабақтар жүргізілді. Зейін тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Сондықтан зейіні тұрақсыз балалармен ойын-жаттығуларды қысқа мерзімді, бірақ жиі қайталанып отырылу қажет. Балабақшадағы қабілетті балалармен жұмыстар жүргізілді. «Кім қай үйде тұрады» әдістемесі. «Қайсысы артық», «Лабиринт», «Құммен сурет саламыз», «Екі бірдей кәмпітті тап?», «Дәл осындай пішінді тап», «Бастыру әдісі», «Шалқан ертегісі» (үстел үсті театры), «Кім жылдам?» Жалпы 11 қабілетті баламен жеке дамыту жұмыстары жүргізілді. Дамуында, жас ерекшеліктер айырмашылық бар балалар анықталып, ата-аналарымен кездесіп әңгімелесіп, ағарту жұмыстары, жеке консультациялар, ұсыныстар берілді.

Инклюзивті біліммен Сарбаева Раяна, Талапбай Әлімжан, Нұржігітұлы Нариман, Жадрасинова Айзере, Хамид Аяла, Қайыр Әлинұр тәрбиеленуде. Қойылған диагноздарына байланысты психолог бақылауында болды. Балаларға жеке бағдарлама құрылып, түзету жұмыстары жүргізілді. Қосымша түзету кабинетінде мамандармен жұмыс жүргізіліп отырды.

2024-2025 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар толықтай жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді.

1.6. Педагог құрамын талдау

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымының 2023-2024 оқу жылындағы штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штаттары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттық кестесіне сәйкес құрылған. Штаттық кестелер Хромтау аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген

Педагогтердің білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагог	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы педагогикалық орта білім	Педагогикалық алық білімі жоқ

2023-2024	28	5(17,8%)	8(29%)	14 (50,7%)	10(14%)	
2024-2025	30	4(13,3%)	8(26,7%)	18 (60%)	0(0%)	

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында педагогтердің жоғары білім алып, олардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту дипломының болуына көп көңіл бөлінеді. Өйткені, педагогикалық кадрлардың мамандықтарына сәйкес болуы – балабақшаның тәрбие мен оқыту үдерісінің сапалы жүргізуін қамтамасыз етеді. Сондықтан, балабақшада басшылық тарапынан кадрлармен жүйелі жұмыс жүргізудің арқасында кадрлардың әлеуетін көтеру, олардың сапасын арттыру жұмыстары жүргізіліп, соның арқасында дипломы сәйкес келмейтін мамандар жоғары білім алып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша жоғары оқу орындарына түсіп, мамандыққа сәйкестілігін растап, дипломдарын алды. Мысалы, 2023-2024 о.ж. 28 педагогтің 19-нда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дипломы бар. Қалған мамандар – қосымша білім беру мамандары (музыка жетекшілері, психолог) болып табылады, олардың да мамандықтары өздерінің жүргізетін пәндеріне сәйкес келеді.

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Санаты жоқ
2023-2024	28	0	1 (3,5%)	0	4 (14,2 %)	2 (7,1 %)	20 (75,2 %)
2024-2025	30	0	1(3,4)	0	9 (30 %)	1 (3,5%)	19 (64%)

Педагогтердің біліктіліктерін көтеруге, көбіне, педагогтердің аттестаттау талаптарына сәйкес келмейтіндіктері (көп жағдайда, бала күтіміне байланысты еңбек демалысына шығып кетуі, жаңа формат бойынша біліктілік тестілеуден өте алмауы) себеп болады. Сол секілді педагогикалық өтілі жетіп тұрған педагогтердің де бала күтіміне байланысты еңбек демалысына жиі шығып, декреттік демалыста болулары педагогтерді аттестаттауға кедергі келтірді. Сонымен бірге, педагогикалық кадрлардың көбісінің жас маман болғаны да өз әсерін тигізуде.

Дегенмен, балабақша әкімшілігі тарапынан педагогтердің біліктіліктерін көтеруге үнемі зор көңіл бөлініп отырады. Педагогтердің біліктілін көтеру - № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының кадрлармен жұмысының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Өйткені, педагогикалық кадрлардың біліктілігінің жоғары болуы, балабақшадағы тәрбие мен оқыту саласына оң әсерін беретіні сөзсіз. Осы мақсатты көздей отырып, балабақшада педагогтердің біліктілігін көтеру бойынша 5 жылдық перспективалық жоспары құрылған, барлық аттестаттау жұмысы осы жоспарға сәйкес жүзеге асырылып отырады.

Еңбек өтілі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагог саны	0-ден 5 жылға дейін	5-тен 10 жылға дейін	10-нан 15 жылға дейін	15-тен 20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
-------------	--------------	---------------------	----------------------	-----------------------	-----------------------	------------------

2024-2025	30	13 (43,3 %)	6(20 %)	6 (20 %)	2 (6,7 %)	3 (10 %)
-----------	----	-------------	---------	----------	-----------	----------

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық қызметкерлердің дені жас мамандар болғандықтан балабақшаның оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруда жас мамандармен жұмыс ерекше орын алады. Балабақша ашылғаннан бері педагогикалық қызметкерлердің негізгі бөлігін жыл сайын жас мамандар құрап келеді. Салыстырмалы түрде жыл сайынғы көрсеткіштен балабақшада жас маманның қатары көбеймесе, азаймайтындығын көруге болады.

Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» БАҰО	«Педагогикалық шеберлік» орталығы	Басқа курстар
2024-2025	30	9 (30 %)	1 (3,3%)	11 (33,7 %)

Салыстырмалы көрсеткіште берілгендей облыстық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттырудың курстарына бару жыл сайын жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Әсіресе, 2022-2023 о.ж. өзінде 9 педагог біліктілікті арттырудың курсын өтіп, сертификаттарын алды.

Жас ерекшелігі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30 жас	30-40 жас	40-50 жас	50-60 жас	60 жастан жоғары
2024-2025	30	11 (37 %)	12 (40 %)	4 (13,3 %)	3 (10 %)	-

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында педагогикалық ұжымы алдында әлі де, көптеген жоспарлары бар. № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық қызметкерлердің дені жас мамандар болғандықтан балабақшаның оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруда жас мамандармен жұмыс ерекше орын алады. Балабақша ашылғаннан бері педагогикалық қызметкерлердің негізгі бөлігін жыл сайын жас мамандар құрап келеді. Балабақшада жас мамандармен жұмыс жүйеленіп, жақсы жолға қойылған.

Білім беру жүйесіндегі реформалар педагогтардың кәсіби бағыттылығына жаңа талаптар қояды. Бұл талаптар келер ұрпақты білімді, білікті етіп тәрбиелеуге жетелейді. Біздің мекемеде осы бағыттағы жұмыс педагогикалық ұжым мүшелерін оқытудың идеяларымен қаруландыру, жаңа технологияларды оқып, үйрену кезеңдерінен тұрады. Мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстарында технологиялар мен жаңа белсенді оқыту әдістерін қолдану тиімді нәтиже беретінін біздің балабақшаның әр педагогы түсінеді. Биылғы оқу жылында балабақшамыздың педагогтері бірнеше аудандық, облыстық байқауларға катысып, өздерінің кәсіби шеберліктерін шыңдады.

Кадрларды орналастырғанда білімі, педагогикалық жұмыс тәжірибесі, психологиялық сәйкестік есепке алынады. Педагогикалық кадрлар туралы мәселе әкімшілікпен педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ, өндірістік жиналыстарында талқыланады.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында іс-жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, жұмысқа қабылданғандары туралы бұйрықтары, еңбек шарттары, диплом көшірмелері, өмірбаяны, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет бойынша, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай тігілген және нөмірленген. Барлық қызметкерлердің еңбек өтілінің есептелінгені туралы хаттама толтырылған.

№ 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында кадрлардың еңбегін бағалау жұмысы жақсы жолға қойылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі ұйым ішлік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық марапаттарға ие. Балабақша педагогтерімен жүргізілетін рейтинг нәтижесінде әр тоқсан сайын мерекелерде, атаулы күндері, жетістіктеріне қарай барлық қызметкерлер мен педагогтер балабақша басшылығының көтермелеуімен үнемі сыйақы алып отырады. Қызмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан.

МДҰ әкімшілігі қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқауын сақтауды қатаң назарға алады. Тоқсан сайын қызметкерлермен нұсқаулықтар жүргізіледі.

МДҰ әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

Қорытынды және ұсыныстар:

1. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
2. Кадрлардың іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жүргізілген.
3. Педагогикалық құрамының сапасын одан әрі жақсарту мақсатында «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» мамандығы бойынша білім алуларына және жетілдіруіне жағдай жасау.
4. Педагогтардың біліктіліктерін көтеру жұмыстары жүргізілсін.

1.7. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

№7«Еркетай» бөбекжай-балабақшасында ақпараттық технологиялармен жұмыс жүргізу барысы жолға қойылған. Балабақша қызметкерлеріне арналған 8 компьютер, 3 ноутбук бар, барлығы да интернет жүйесіне қосылған. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.

Оқу жылдары	әдістемелік әдебиетер саны	Балалар көркем әдебиеттері саны
2024-2025	200	1508

Мектепке дейінгі ұйым топтарында демонстрациялық материалдар, үлестірмелі құралдар, жолда жүру ережесінің плакаттары, үй жануарлары және жабайы аңдар, гүлдер, құстар, мәдени-гигиеналық шаралаға арналған көрнекіліктермен жабдықталған. Мектепке дейінгі ұйым топтары ойын материалдары мен құрал—жабдықтармен толық қамтылған. Мектепке

дейінгі ұйымда проектор және экран бар. Қосымша әдебиеттер қорының саны жеткілікті. Баспасөз беттерінде (облыстық, қалалық деңгейде) педагогтардың жұмыстары жарияланды

Қорытынды:

1. Мектепке дейінгі ұйым компьютермен, интернет жүйесімен қамтылған.
2. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны толықтырылған.

1.8. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын бағалау

2024-2025 о.ж мектеп жасына дейінгі балалардың білім деңгейін анықтау «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде жүргізіледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму деңгейі балалардың Үлгілік бағдарламаның білім беру салаларының мазмұнын игеру барысында қалыптасатын дағдыларға сәйкес анықталады және балалардың даму индикаторларына сәйкес өлшенеді.

Балалардың даму деңгейлерін қадағалау Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес баланың жетістіктерінің мониторингі негізінде 3 деңгейде жүзеге асырылады:

- 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Тәрбиеленушілердің дамуының мұндай бағалау жүйесі арқылы тек топтық немесе жалпы балалардың ғана емес, әрбір жеке баланың даму көрсеткіштерін де көруге болады. Әрбір жас тобында балалардың жетістіктерін объективті қадағалауға, мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын және жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін мониторинг (аралық) жүргізілді.

Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) мазмұны қайта қаралып бекітілді. 2023-2024 о.ж. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес баланың жетістіктерінің мониторингіне сәйкес жүргізілді.

Балалардың біліктері мен дағдыларының *бастапқы* тізбесі

Р /с №	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
4	2024-2025 жыл	0	0	4/88	35,7 (15,8)	3/76	48,1 (14)	3/74	62,9 (15,8)	2/49	60 (9,9)	12/291	162 (55,5)

Балалардың біліктіктері мен дағдыларының *қорытынды* тізбесі

Р /с №	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)				Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Ерте жас (1 жастан бастап)		Кіші жас (2 жастан бастап)		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жасы (5 жастан бастап)		Барлығы игерген %	
		Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Топтар саны/балалардың саны*	Дағдыларды игерген балалар саны %*	Барлығы топтар саны/балалардың саны*	Барлығы дағдыларды игерген балалар саны %*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
4	2024-2025 жыл	0	0	3/69	57 (82,6%)	4/98	84 (85,7 %)	3/73	65 (89%)	2/35	34 (97%)	12/275	240 (87%)

Қорытынды:

- Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг өлшеуіштері, білімдерін бағалау құралдары, бағалау тәртібі стандарт тәртібіне сәйкес.
- Балабақшада тәрбиешілер мен басқа да мамандардың (психолог, дефектолог дене шынықтыру, музыка жетекшісі) бірігіп педагогикалық ынтымақтастықта қызмет жасауы жақсы жолға қойылған.

Ұсыныстар:

1. Жұмыстың одан арғы кезеңіне арналған міндеттер МЖМБС талаптарына сәйкес әр білім беру саласы бойынша балалардың құзыреттілігін дамытуға ықпал етуді жалғастыру.
2. Жұмыстың тиімділігін талдау мақсатында МЖМБС қарастырылған индикаторлар жүйесін пайдалана отырып, балалардың құзыреттілігін дамыту диагностикасының әдістерін енгізуді жалғастыру.

3. №7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша 2024-2025 оқу жылдарының жұмыстарын **қанағаттанарлық** деп, есептелінсін.

Аттестаттау комиссия төрайымы:

Алдрапекова М.Т.

Комиссия мүшелері:

Алтынбекова А.Н.

Абимолдаева А.Р

Исмагамбетова Р.С.

Коспанова Г.У

